

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 24 ақпан N 69.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан
Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2688
Z952688_

Конституциялық заң күші бар Жарлығының (Қазақстан
Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 145-құжат)
14-бабының 2)-тармақшасы "егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе"
деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және
салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасы
мен Нидерланды Корольдігі арасындағы
Конвенция

Қазақстан Республикасының Үкіметі

мен

Нидерланды Корольдігінің Үкіметі

табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және
салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы екі Мемлекеттің арасында
Конвенция жасауға ниет білдіре отырып,
мына мәселелер жайында уағдаласты:

I-Тарау

Конвенцияның қолданылу саласы

1-бап

Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де
резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция табыс пен капиталға салынатын салықтарды алу тәсілдеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшелері не жергілікті өкімет орындары алатын осы салықтарға қолданылады.

2. Табыстың жалпы сомасынан, капиталдың жалпы сомасынан, немесе табыстың яки капиталдың жекелеген элементтерінен алынатын барлық салықтар, соның ішінде жылжитын немесе жылжымайтын мүлікті шеттетуден түсетін табыстардан алынатын салықтар, кәсіпорындар төлейтін ризықақының немесе жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтар, сондай-ақ капитал құнының артуынан алынатын салықтар табыс пен капиталға салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Конвенция қолданылатын алынып жүрген салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады:

а) Қазақстанда:

- заңды және жеке тұлғалардың табысына салынатын салық;
 - заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;
- (бұдан әрі "Қазақстан салықтары" ретінде аталатындар).

б) Нидерландыда:

- табыс салығы,
- жалақыға салынатын салық,
- компанияның пайдасына, соның ішінде 1967 жылы шығарылған концессияларға қатысты *Mijnwet 1810* заңына (1810 жылғы Тау-кен заңына) сәйкес немесе 1965 жылғы Континенталдық Жоспарға сәйкес (Нидерландының Континенталдық Шельфі туралы 1965 жылғы Тау-кен заңы) салық салынатын табиғи ресурстарды өндіруден алынған таза пайдадағы Үкіметтің үлесіне салынатын салық.

- дивидендтерге салынатын салық,
- капиталға салынатын салық,

(бұдан әрі "Нидерланды салықтары" ретінде аталатындар);

4. Конвенция сондай-ақ оған қол қойылған күннен кейін қолданылып жүрген салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын кез-келген бірдей немесе іс жүзінде соларға ұқсас салықтарға қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары өздерінің қолданылып жүрген салық заңдарына енгізілетін кез-келген елеулі өзгерістер жайында бір-бірін хабардар етіп отырады.

2-ТАРАУ

Айқындамалар

3-бап

Жалпы айқындамалар

1. Егер контекстен басқалай мағына тумаса, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) "Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері контекске қарай Қазақстан Республикасын (Қазақстанды) немесе Нидерланды Корольдігін (Нидерландыны) білдіреді;

"Уағдаласушы Мемлекеттер" термині Қазақстан Республикасын (Қазақстанды) және Нидерланды Корольдігін (Нидерландыны) білдіреді;

б) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді. Жағырапиялық мағынасында қолданғанда "Қазақстан" термині халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан белгілі бір мақсаттар үшін егемен құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра алатын және Қазақстанның заңдары қолданылатын аумақтық суларды, сондай-ақ тек қана экономикалық аймақ пен континенталдық шельфті қамтиды;

в) "Нидерланды" термині Нидерланды Корольдігінің Еуропада орналасқан бөлігін, соның ішінде оның аумақтық теңізін және халықаралық құқыққа сәйкес теңіз түбі, оның қойнауы және оның астындағы су мен олардың табиғи ресурстары жөніндегі Нидерланды юрисдикциясын немесе егемен құқықтарын жүзеге асыратын аумақтық теңіз төңірегіндегі кез-келген алаңды білдіреді;

г) "тұлға" термині жеке адамды, компанияны және тұлғалардың кез-келген басқа бірлестігін қамтиды;

д) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қарастырылатын кез-келген корпоративтік құрылымды немесе кез-келген экономикалық бірлікті білдіреді;

е) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті айналысатын кәсіпкерлік қызметті және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті айналысатын кәсіпкерлік қызметті білдіреді;

ж) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі тек қана басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі пункттер арасында пайдаланылатын жағдайлардан басқа кезде Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен жасалатын кез-келген тасымалды білдіреді;

з) "ұлттық тұлға" термині:

1. Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығын алған кез-келген жеке адамды;

2. Өздерінің мәртебесін Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылып жүрген заңдарының негізінде алған кез-келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе кез-келген басқа ассоциацияны білдіреді;

и) "құзырлы орган" термині:

1. Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті өкілін білдіреді.

2. Нидерландыда: Қаржы Министрін немесе оның өкілетті өкілін;

2. Уағдаласушы Мемлекет Конвенцияны қолданғанда онда айқындалмаған кез-келген термин, егер контекстен басқа мағына тумаса, салықтарына Конвенция

қолданылатын осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес қандай мағынаға ие болса, дәл сондай мағынаға ие болады.

4-бап

Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині осы Мемлекеттің заңдары бойынша онда өзінің тұратын жеріне, резиденттігіне, басқару орнына, құрылған орнына немесе осыған ұқсас сипаттағы кез-келген басқа өлшемге байланысты салық салынатын кез-келген тұлғаны білдіреді. Алайда бұл термин осы Мемлекеттегі көздерден немесе сонда орналасқан капиталдан алынатын табысқа ғана қатысты осы Мемлекетте салық салынуға тиіс қандай да бір тұлғаны қамтымайды.

Уағдаласушы Мемлекет, оның саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы Уағдаласушы Мемлекетте осындай болып танылған және табысы әдетте осы Мемлекетте салық салудан босатылған зейнетақы қоры немесе қайырымдылық ұйымы секілді осы Мемлекеттің ұйымын, саяси-әкімшілік бөлімшесін немесе өкімет органын осы Мемлекеттің резиденттері ретінде қарастырады. Осы Мемлекеттің заңдастырылған ережелеріне сәйкес танылған және бақыланатын кез-келген зейнетақы қоры Уағдаласушы Мемлекеттің танылған зейнетақы қоры болып есептеледі.

2. 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болған жағдайда оның мәртебесі былай айқындалады:

а) ол өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы бар Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі; егер оның Мемлекеттердің екеуінде де өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық байланыстары бар (өмірлік мүдделер орталығы) Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Мемлекеттердің біреуінде де өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

в) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол өзі азаматы болып табылатын Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

г) егер ол Мемлекеттердің екеуінің де азаматы болса немесе олардың біреуінің де азаматы болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары мәселені өзара келісе отырып шешеді.

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне байланысты жеке тұлғадан басқа

біреу Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда мұндай тұлға өзінің тиімді басқару орны орналасқан Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі.

5-бап

Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орынын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

а) басқару орыны,

б) бөлімше,

в) кеңсе,

г) фабрика,

д) шеберхана,

е) шахта, мұнай немесе газ скважинасы, кеніш немесе табиғи ресурстар өндірілетін кез-келген басқа орын.

3. а) Құрылыс алаңы немесе құрылыс не монтаждау не құрастыру объектісі яки осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтер осы Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемені құрайды, егер тек мұндай қызметтер 12 айдан астам уақыт бойы созылса;

б) Уағдаласушы Мемлекетте табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғы немесе құрылыс яки осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтер, немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысы яки кеме осы Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемені құрайды, егер тек осылай пайдалану яки мұндай қызметтер 12 айдан астам уақыт бойы созылса;

в) Уағдаласушы Мемлекет шеңберінде қызметтер көрсету, оның ішінде осындай мақсаттар үшін басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бірінші аталған Мемлекет шегінде тұратын және өзі жалдап алған қызметшілер немесе басқа да адамдар арқылы көрсететін консультациялық қызметтер осы Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемені құрайды, егер тек мұндай қызметтер 12 айдан астам уақыт бойы созылса.

4. Осы баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан "тұрақты мекеме" термині мыналарды қамтымаған болып есептеледі:

а) ғимараттарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жеткізіп беру мақсаттары үшін ғана пайдалану;

б) кәсіпорынға тиесілі көрсетілген тауарларды немесе бұйымдарды көрмеден яки жәрмеңкеден соң сату;

в) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жеткізіп беру мақсаттары үшін ғана сақтау;

г) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа бір кәсіпорынның ұқсату мақсаттары үшін ғана сақтау;

д) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін, немесе ақпарат жинау үшін немесе дайындық не көмек сипатындағы ақпарат тарату яки маркетинг үшін ғана ұстау;

е) тұрақты қызмет орынын кәсіпорын үшін дайындық немесе көмек сипатындағы кез-келген басқа бір қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана ұстау;

ж) тұрақты қызмет орнының қызмет түрлерінің қандай да болсын амалын жүзеге асыру нәтижесінде пайда болатын жиынтық қызметі дайындық немесе көмек сипатында болған жағдайда тұрақты қызмет орнын

а) тармақшасынан ж) тармақшасына дейін көрсетілген қызмет түрлерінің осындай амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстау.

5. 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер 6-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорынның атынан әрекет етсе және басқа Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорынның атынан келісім шарттар жасауға өкілеттігі болса және оны әдетте пайдаланып жүрсе, онда ол осы тұлға кәсіпорын үшін жүзеге асыратын кез-келген қызмет жөнінде осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады, бірақ осындай тұлғаның қызметі 4-тармақта көрсетілген, тұрақты қызмет орыны арқылы жүзеге асырылған күннің өзінде осы тұрақты қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырылмайтындай қызметпен шектелетін жағдай бұған қосылмайды.

6. Кәсіпорын осы Мемлекетте делдал, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез-келген басқа агент арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін ғана, мұндай адамдар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет еткен жағдайда, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар тұлға болып есептелмейді.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын

компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысатын (яки тұрақты мекеме арқылы не болмаса басқалай жолмен) компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы фактісінің өзі осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдыра алмайды.

3-ТАРАУ

Табысқа салық салу

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын табысқа (соның ішінде ауыл шаруашылығынан немесе

орман шаруашылығынан алатын табысқа) осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез-келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығында және орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен құрал-жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүліктің узуфруктын және минералдық ресурстарды, кен көздерін және басқа да табиғи қазбаларды игергені немесе игеру құқығы үшін өтемақы ретінде төленетін өзгермелі немесе тұрақты төлемдер құқығын қамтиды; теңіз, өзен және әуе кемелері жылжымайтын мүлік болып есептелмейді.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе оны қандай болсын басқа жолмен пайдаланудан алынған табыстарға қолданылады.

4. 1 және 3-тармақтардың ережелері кәсіпорынның жылжымалы мүлкінен алынатын табысқа және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын болса ғана кәсіпорынның пайдасына осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын жоғарыда айтылғанындай, кәсіпкерлік қызметпен айналысып жүрсе, онда кәсіпорынның пайдасына, бірақ оның осы тұрақты мекемеге қатысты бөлігіне ғана басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы айналысса, онда ол осындай немесе осыған ұқсас жағдайда нақ осындай немесе осыған ұқсас қызметпен айналысатын дербес және жеке кәсіпорын болғанда және өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет еткенде алуы мүмкін пайда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге жатады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасына айқындау кезінде тұрақты мекеменің кәсіпкерлік қызметінің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды, соның ішінде тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалды ма, жоқ па - осыған қарамастан жұмсалған басқару шығындары мен жалпы әкімшілік шығындарды шегеріп тастауға болады. Алайда тұрақты мекеме патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны

үшін қайтарым ретінде роялти, қаламақылар немесе осыған ұқсас басқа төлемдер түрінде немесе көрсеткен нақты қызметтері үшін не менеджменті үшін комиссиялық төлемдер түрінде немесе, банк мекемелері жағдайларын қоспағанда, тұрақты мекемеге берілген қарыз үшін проценттер төлеу түрінде кәсіпорынның бас офисіне немесе оның кез-келген басқа офисіне төлеген сомаларды (нақты шығындарды өтеуге арналған сомадан басқа), егер мұндай сомалар болса, шегеріп тастауға рұқсат етілмейді. Сондай-ақ тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде тұрақты мекеменің патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін қайтарым ретінде роялти, қаламақылар немесе осыған ұқсас басқа төлемдер есептеу түрінде немесе көрсеткен нақты қызметтері үшін не менеджмент үшін комиссиялық төлемдер есептеу түрінде немесе банк мекемелері жағдайларын қоспағанда, тұрақты мекеменің бас офисіне оның кез-келген басқа офисі қарызға алған ақша қаражаты үшін проценттер есептеу түрінде кәсіпорынның бас офисіне немесе оның кез-келген басқа офисіне есептелген сомалары есепке алынбайды.

4. Пайданың ешқайсысы тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алғаны үшін ғана осы тұрақты мекемеге есептелмейді.

5. Алдыңғы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге қатысты пайда, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін дәлелді және жеткілікті себептер болмаса, жыл сайын бірдей тәсілмен айқындалады.

6. Пайда осы Конвенцияның басқа баптарында бөлек айтылған табыс түрлерін қамтыған жағдайда осы баптың ережелері бұл баптардың ережелерін қозғамайды.

8-бап

Теңіз және әуе көлігі

1. Халықаралық тасымалда теңіз және әуе кемелерін пайдаланудан алынған пайдаға кәсіпорын резиденті болып табылатын және кәсіпорынның тиімді басқару орыны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін халықаралық тасымалда теңіз және әуе кемелерін пайдаланудан алынған пайда теңіз және әуе кемелерін халықаралық тасымалдарда пайдаланғанда оларды фрахталау арқылы жалға беруден алынған пайданы қамтиды, мұндай жағдайда жалдама пайда 1-тармақта сипатталған пайдаға қосарлас болуы керек.

3. 1-тармақтың ережелері сондай-ақ пулға, бірлескен кәсіпорынға немесе көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға қатысудан алынған пайдаға да қолданылады.

9-бап

Ассоциацияланған кәсіпорындар

1. Егер:

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей яки жанама түрде қатысса;

немесе

б) белгілі бір тұлғалар Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының және басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса;

және әрбір жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржы қатынастарында екі тәуелсіз кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін қатынастардан өзгеше қатынастар жасалса немесе орнықса, онда олардың біреуіне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың болмауы себепті оған есептелмеген кез-келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына енгізіліп, оған тиісті салық салынуы мүмкін. Солай бола тұрса да ассоциацияланған кәсіпорындардың басшылық, жалпы әкімшілік, техникалық және коммерциялық шығындарды, зерттеу мен дамытуға арналған шығындарды және осыларға ұқсас басқа да шығындарды бөлеуге арналған немесе соның негізінде шығындарды бірлесіп өтеу туралы келісім немесе жалпы сервистік келісімдер секілді уағдаластықтар жасау фактісінің өзі осының алдындағы сөйлемде айтылған шарт болып табылмайды деп түсініледі.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы басқа Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Мемлекет кәсіпорынының пайдасына қосса және тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда екі кәсіпорын арасында жасалған жағдайлар тәуелсіз кәсіпорындар арасында орналасқан жағдайларда болғанда, бірінші аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелетіндей пайда болып табылса, онда осы басқа Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер жасайды. Мұндай түзетулерді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері қаралуға тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары қажет болған жағдайда бір-бірімен ақылдасып отырады.

10-бап

Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай дивидендтер сондай-ақ осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтер алушы оның нақты иесі болса, онда осылай алынатын салық:

а) егер дивидендтердің нақты иесі дивидендтер төлейтін компания капиталының кемінде 10 процентін тікелей немесе жанама түрде иеленіп отырған компания болса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 процентінен;

б) қалған барлық жағдайларда дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен аспайтын болады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары 2-тармақты қолдануды өзара келісе отырып айқындайды.

4. 2-тармақ ережелерінің дивидендтер төленіп отырған пайдасына қатысты компанияға салық салуға қатысы жоқ.

5. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланған акциялардан, "жуиссанс" акцияларынан немесе "жуиссанс" құқықтарынан, тау-кен акцияларынан, құрылтайшылардың акцияларынан, борыш талаптары болып табылмайтын акциялардан немесе құқықтардан, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлетін компания резиденті болып табылатын Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді нақ осындай салық реттеуіне жататын басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

6. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің нақты иесі дивидендтер төлейтін компания резиденті болып отырған басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

7. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған болса, осы басқа Мемлекет, мұндай дивидендтер осы басқа Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы басқа Мемлекеттегі тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болатын жағдайды қоспағанда, компания төлейтін дивидендтерге қандай да болсын салық сала алмайды, сондай-ақ тіпті дивидендтер төленіп тұрған немесе бөлінбеген пайда тұтастай немесе ішінара осы басқа Мемлекетте пайда болған пайдадан немесе табыстан құралған күннің өзінде компанияның бөлінбеген пайдасына бөлінбеген пайдаға салынатын салық салынбайды.

8. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы алған пайдаға 7-баптың ережелеріне сәйкес салық салынып, осы тұрақты мекемеге қайта инвестицияланатын кез-келген сома шегерілгеннен кейін қалған сомаға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ осылай алынған қосымша салық осы баптың 2-тармағының (а) тармақшасында көзделген проценттерден аспайтын болады. Алайда егер тиісті салық салынатын жылы

тұрақты мекеменің пайдасы 100 000 американ долларынан аспаса, бұл қосымша салық алынбайды.

11-бап

Проценттер

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге тек осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай проценттерге сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер проценттер алушы оның нақты иесі болса, онда осылай алынатын салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары 2-тармақты қолдану әдісін өзара келісе отырып айқындайды.

4. "Проценттер" термині осы бапта пайдаланғанда кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және қарызгердің пайдасына қатысуға құқық беретін немесе құқық бермейтін борыш талаптарының әртүрлі түрінен алынатын табысты және атап айтқанда, Үкіметтің бағалы қағаздарынан алынатын табысты және облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты, соның ішінде осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйақылар мен ұтыстарды білдіреді. Уактылы төленбеген төлемдер үшін айыппұлдар осы баптың максаттары үшін проценттер ретінде қарастырылмайды.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын проценттердің нақты иесі проценттер пайда болатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өзіне қатысты проценттер төленетін борыш талабы шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндайда жағдайға қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

6. Проценттер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің өзі, оның саяси-әкімшілік бөлімшесі, жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болғанда, олар осы Мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда, егер проценттер төлейтін тұлғаның ол Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, проценттер төленетін қарыз соларға байланысты пайда болса және осындай проценттерді осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай проценттер осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

7. Егер проценттер төлеуші мен олардың нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында арнайы қатынастар болуына байланысты борыштық талапқа қатысты және соның негізінде төленетін проценттердің жалпы сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда проценттер төлеуші мен олардың нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға тиіс.

8. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан:

а) Мемлекеттердің бірінде пайда болған және облигацияларға, борыштық міндеттемелерге немесе осы Мемлекет Үкіметінің, осы Мемлекеттің орталық банкінің, саяси-әкімшілік бөлімшесінің немесе жергілікті өкімет органының осындай басқа да міндеттемелеріне қатысты төленетін проценттер осы Мемлекетте салықтан босатылады ;

б) Мемлекеттердің бірінде пайда болатын және облигацияларға, борыштық міндеттемелерге немесе басқа да ұқсас міндеттемелерге қатысты басқа Мемлекеттің Үкіметіне, басқа Мемлекеттің орталық банкіне, саяси-әкімшілік бөлімшесіне немесе жергілікті өкімет органына төленетін проценттер бірінші аталған Мемлекетте салықтан босатылады;

в) Мемлекеттердің бірінде пайда болатын және басқа Мемлекеттің Үкіметі, басқа Мемлекеттің орталық банкі немесе осы басқа Үкімет иеленетін не бақылайтын кез-келген агенттік яки мекеме (соның ішінде қаржы мекемесі) кепілдік беріп, сақтандырылған займдарға қатысты төленетін проценттер бірінші аталған Мемлекетте салықтан босатылады.

12-бап

Роялти

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер роялти алушы және оның нақты иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары 2-тармақты қолдану әдісін өзара келісе отырып айқындайды.

4. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылғанда:

а) әдебиет, өнер немесе ғылым шығармаларына, соның ішінде кинематографиялық фильмдерге, кез-келген патенттерге, сауда маркасына, дизайнға немесе модельге,

жоспарға, құпия формулаға яки процеске немесе өнеркәсіптік, коммерциялық не ғылыми сипаты бар ақпарат (ноу-хау) үшін берілетін кез-келген авторлық құқықты; және

б) өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны үшін және пайдалану құқығы үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің кез-келген түрін білдіреді.

5. Осы баптың 2-тармағына қарамастан, осы баптың 4-тармағының

б) тармақшасында көрсетілгендей, жалға беруге қатысты алынатын роялтидің нақты иесі роялти пайда болған Уағдаласушы Мемлекетте өздеріне қатысты осындай роялти төленіп отырған құқық немесе меншік шын мәнінде осы Мемлекеттегі тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болғандай салық салу тәсілін таңдап ала алады. Мұндай жағдайда ретіне қарай осындай құқыққа немесе меншікке қатысты табыс пен шегерулерге (соның ішінде амортизацияға) осы Конвенцияның 7-бабының немесе 14-бабының ережелері қолданылуы мүмкін.

6. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің нақты иесі роялти пайда болған басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте орналасқан базадан онда тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және роялти өздеріне қатысты төленетін құқық немесе меншік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндайда жағдайға қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

7. Роялти төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің өзі, саяси-әкімшілік бөлімшесі, осы Мемлекеттің жергілікті органы немесе резиденті болғанда, ол осы Мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан оның Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысты роялти төлеу міндеттемесі туындаса және мұнай роялти осы тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

8. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында арнайы қатынастар болуына байланысты өзіне қатысты төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға тиіс.

13-бап

Мүлік құнының өсімімен алынатын табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан және 6-бапта айқындалғандай жылжымайтын мүлікті шеттетуден алған табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті акцияларды (ресми танылған биржада бағаланатын акциялардан өзге акцияларды) немесе өзінің табиғаты жағынан ұқсас, құны негізінен басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктің құнынан тұратын басқа да құқықтарды шеттетуден алған табыстарға басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Осы тармақтың мақсаттары үшін "жылжымайтын мүлік" термині сондай-ақ компанияның құны негізінен жылжымайтын мүліктің құнынан тұратын компания акцияларын (немесе басқа да ұқсас құқықтарды) қамтиды, бірақ егер тек компанияның (немесе басқа экономикалық бірліктің) кәсіпкерлік қызметі негізінен жылжымайтын мүлікті иелену, сатып алу немесе сату болып табылмаса, соның көмегімен компанияның (немесе басқа экономикалық бірліктің) кәсіпкерлік қызметі жүзеге асырылатын мүлікті қамтымайды.

3. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорынның басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесінің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті шеттетуден немесе Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте қарауында бар тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін алынған табыстарға, соның ішінде осындай тұрақты мекемені (жекелей немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса алғанда) яки осындай тұрақты базаны шеттетуден алынған осындай табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін яки осындай теңіз әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алынған табыстарға кәсіпорын резиденті болып табылатын және кәсіпорынды тиімді басқару орыны орналасқан осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

5. 1, 2, 3 және 4-тармақтарды ескертілгеннен өзге кез-келген мүлікті шеттетуден алынған табыстарға мүлікті шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

6. 5-тармақтың ережелері басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын және акцияларды немесе "жуиссанс" құқықтарын шеттетудің алдындағы соңғы бес жыл ішінде бірінші аталған Мемлекеттің резиденті болған жеке тұлға капиталы түгел немесе ішінара акцияларға салынған және осы Мемлекеттің заңдары бойынша осы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компаниядағы акцияларды

немесе "жуиссанс" құқықтарын шеттетуден алатын табыстарға Уағдаласушы Мемлекеттердің әрқайсысының өздерінің жеке заңдарына сәйкес салық салу құқығын қозғамайды.

14-бап

Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға сипаттағы кәсіптік қызметтерге немесе басқа қызметтерге яки басқа қызметке қатысты алған табысқа, егер тек мұндай қызметтер басқа Уағдаласушы Мемлекетте көрсетілмесе немесе көрсетілмеген болса; және

а) табыс жеке тұлға басқа Мемлекетте тұрақты негізде ие болып отырған немесе ие болған тұрақты базаға қатысты болса; немесе

б) осындай жеке тұлға кез-келген реттегі 12 айлық кезеңде жалпы ұзақтығы 183 күннен асатын кезең немесе кезеңдер бойы осы басқа Мемлекетте жүрсе немесе жүрген болса, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

Мұндай жағдайда қызметтерге байланысты табысқа кәсіпкерлік қызметтен алынған пайданың және тұрақты мекемеге жатқызылатын пайданың сомасын айқындайтын 7-баптағыдай қағидаттарға сәйкес осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіптік қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметтерді, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтерін қамтиды.

15-бап

Тәуелді жеке қызметтер

1. 16, 18, 19 және 20-баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалдамалы жұмысқа байланысты алған ырзықақыға, жалақыға және басқа осындай сыйақыларға, егер тек жалдамалы жұмыс басқа Уағдаласушы Мемлекетте орындалмайтын болса, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалдамалы жұмыс осылайша атқарылатын болса, сол жерден алынған осындай сыйақыға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер:

а) сыйақы алушы басталғалы немесе аяқталғалы отырған тиісті қаржы жылында кез-келген реттегі 12 айлық кезеңде жалпы ұзақтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы осы Мемлекетте болса; және

б) сыйақыны басқа Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын

жалдаушы төлесе немесе ол жалдаушының атынан төленсе; және
в) сыйақыны жалдаушының басқа Мемлекеттегі тұрақты мекемесі
немесе тұрақты базасы төлемесе,

1-тармақтың ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің
резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылған жалдамалы жұмысқа
байланысты алған сыйақыға тек бірінші аталған Мемлекетте ғана салық
салынады.

3. Осы баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан
Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалда
пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында атқарылатын
жалдамалы жұмысқа қатысты алған сыйақыға тек осы Мемлекетте ғана
салық салынады.

16-бап

Директорлардың сыйақылары

Басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын және осы қызметке
акционерлердің жалпы жиналысы немесе осындай компанияның кез-келген басқа
құзырлы органы тағайындайтын және міндеттерінің аумағына компанияға жалпы
басшылық жасау немесе оның қызметін бақылауға кіретін компанияның директорлар
кеңесінің немесе соған ұқсас органның мүшесі "bestuurder" немесе "commissaris"
ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың сыйақыларына
немесе басқа да осындай төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

Артистер мен спортшылар

1. 14 және 15-баптардың ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің
резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі яки сазгер секілді өнер
қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде оның басқа Уағдаласушы Мемлекетте
жүзеге асыратын жеке қызметінен алған табысқа осы басқа Мемлекетте салық салынуы
мүмкін.

2. Егер өнер қызметкері немесе спортшы өзінің осы тұрпатында жүзеге асыратын
жеке қызметіне қатысты табыс өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес,
басқа тұлғаға есептелсе, онда осы табысқа 7, 14 және 15-баптардың ережелеріне
қарамастан өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын
Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

18-бап

Зейнетақылар және аннуитеттер

1. 19-баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрын жүзеге асырған жұмысы үшін төленетін зейнетақылар мен басқа да осындай сыйақыларға және кез-келген аннуитетке тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Алайда, егер мұндай сыйақылар мерзімді сипатта болмаса және олар басқа Уағдаласушы Мемлекетте бұрын атқарған жұмысы үшін төленсе немесе егер аннуитет құқығының орнына тұрақты сома төленсе, осы сыйақыларға немесе осы ірі сомаға олар пайда болған Уағдаласушы Мемлекетке салық салынады.

3. "Аннуитет" термині ақшамен немесе ақшаға шаққандағы баламалы және толық өтемақының орнына осындай төлемдер қабылданған міндеттемеге сәйкес бүкіл өмір бойы немесе айқындалған яки белгіленетін кезеңге белгіленген уақытта мерзімді төленіп тұратын белгіленген соманы білдіреді.

19-бап

Мемлекеттік қызмет және әлеуметтік қамсыздандыру төлемдері

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки олардың жергілікті өкімет органдары осы Мемлекетке немесе бөлімшесіне не өкімет органына көрсетілетін қызметке қатысты кез-келген жеке тұлғаға төлейтін зейнетақыдан өзге сыйақыға осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін;

б) Алайда, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті бола отырып сондай-ақ:

1. Осы Мемлекеттің азаматы болса; немесе

2. Қызметті жүзеге асыру мақсаты үшін ғана осы Мемлекеттің резиденті болудан қалса, мұндай сыйақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы жеке тұлғаға осы Мемлекет немесе бөлімше яки өкімет органы үшін жүзеге асырған қызметі үшін төлейтін немесе олар құрған қорлардан төленетін кез-келген зейнетақыға осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

б) Алайда, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және азаматы болса, мұндай зейнетақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. 15, 16 және 18-баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесінің яки жергілікті өкімет органының кәсіпкерлік қызметті атқаруына байланысты жүзеге асырылған қызметке қатысты сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ережелеріне сәйкес басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін кез-келген зейнетақы мен басқа да төлемге бірінші аталған Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

20-бап

Профессорлар және оқытушылар

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын және сабақ беру немесе ғылыми зерттеу мақсаттары үшін екі жыл болатын ең ұзақ кезең бойы басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрып жатқан, басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі университетте, колледжде немесе басқа да білім беру яки ғылыми-зерттеу мекемесінде осындай сабақ беру немесе зерттеу мақсатымен жүрген профессорға не оқытушыға төленетін төлемдерге тек бірінші аталған Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Егер мұндай зерттеулер қоғамдық мүдделерді көздемей, қайта негізінен алғанда, жеке тұлғаның немесе тұлғалардың бас пайдасы үшін жасалса, осы бап зерттеу жұмысынан алынған табыстарға қолданылмайды.

21-бап

Студенттер, стажерлер және зерттеушілер

1. Уағдаласушы Мемлекетке сапарының басында басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын және осы басқа Мемлекетте:

а) осы басқа Мемлекеттегі Университетте немесе танымалы басқа оқу орнында оқу; немесе

б) мамандығы бойынша жұмыс істеу немесе біліктілік алу үшін қажетті стажировкадан өту; немесе

в) үкімет, діни, қайырымдылық, ғылыми, әдеби немесе білім беру ұйымдарынан стипендия, жәрдемақы немесе басқа да осындай төлемдер алушы бола отырып, оқу яки зерттеу жүргізу сияқты негізгі мақсатпен уақытша жүрген жеке тұлға осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте оның тұруы, білім алуы, оқуы, зерттеулер жүргізуі немесе тәжірибеден өтуі мақсаттары үшін шет елден алынған төлемдерге қатысты, сондай-ақ стипендияға, жәрдемақыға немесе басқа да осындай төлемдерге қатысты салықтан босатылады.

2. 1-тармақта көзделген жеңілдік әдетте оқуды, стажировкадан өтуді немесе зерттеуді аяқтау үшін қажет болатын уақыт кезеңі ішінде ғана қолданылады; бұл орайда стажировкадан өтуге қатысты жеңілдік 2 жылдан ұзақ кезеңге созылмайды және оқу немесе зерттеу үшін бұл кезең 5 жылдан аспайды.

3. Егер зерттеу қызметі қоғамдық мүдделерді көздемей, қайта негізінен алғанда, жеке тұлғаның немесе тұлғалардың бас пайдасы үшін жасалса, осы бап мұндай зерттеулерден алынған табыстарға қолданылмайды.

22-бап

Басқа табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Конвенцияның бұдан бұрынғы баптарында қарастырылмаған табыс түрлеріне, олар қайда пайда болмаса, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Егер осындай табыстарды алушы Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті бола отырып, басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базаның көмегімен тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өзіне қатысты табыс

алынған құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 6-баптың 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынған табыстардан өзге табыстарға 1-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

4-ТАРАУ

Капиталға салық салу

23-бап

Капитал

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне тиесілі және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан 6-бапта аталған жылжымайтын мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік немесе басқа Уағдаласушы Мемлекетте Уағдаласушы Мемлекет резидентінің қарауындағы тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз және әуе кемелері және осындай теңіз және әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға кәсіпорын резиденті болып табылатын және кәсіпорынның нақты басшылық орыны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

5-ТАРАУ

Қосарланған салық салуды жою

24-бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Қазақстан жағдайында қосарланған салық салу былай жойылады:

а) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Нидерландыда салық салынуы мүмкін табыс тапса немесе капиталға ие болса, Қазақстан:

1) осы резиденттің табысына салынатын салықтан Нидерландыда төленген табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға;

2) осы резиденттің капиталына салынатын салықтан Нидерландыда төленген капиталға салынған салыққа тең соманы шегеріп тастауға мүмкіндік береді.

Бұл шегерулер алайда кез-келген жағдайда ретіне қарай Нидерландыда салық салынуы мүмкін табысқа немесе капиталға қатысты шегеру жасалғанға дейін есептелген табыстан алынатын салықтың бір бөлігінен аспауға тиіс:

б) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тек Нидерландыда ғана салық салынатын табыс тапса немесе капиталға ие болса, Қазақстан осы табысты немесе капиталды салық салу базасына, бірақ Қазақстанда салық салынатын осындай басқа табысқа немесе капиталға салынатын салық ставкасын белгілеу мақсаттары үшін ғана енгізе алады.

2. Нидерланды өзінің резиденттеріне салық салған кезде сол бойынша осындай салық өндіріліп алынатын базаға табыс пен капиталдың осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін баптарын қоса алады.

3. Алайда, егер Нидерландының резиденті осы Конвенцияның 6-бабына, 7-бабына, 10-бабының 6-тармағына, 11-бабының 5-тармағына, 12-бабының 6-тармағына, 13-бабының 1 және 3-тармақтарына, 14-бабына, 15-бабының 1-тармағына, 19-бабының 1 (а тармақшасы), 2 (а тармақшасы) тармақтарына және 19-баптың 4-тармағына, 22-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін және 1-тармақта ескертілген базаға қосылатын табыс көздерін алса, онда Нидерланды табыстың мұндай баптарын өз салығынан жеңілдіктер беру арқылы салықтан босатады. Мұндай жеңілдік қосарланған салық салуды жою туралы Нидерланды заңының ережелеріне сәйкес есептеледі. Осы мақсаттар үшін табыстың бұл көздері осы ережелерге сәйкес Нидерланды салығынан босатылатын табыс көздерінің жалпы сомасына қосылған болып есептеледі.

4. Бұдан әрі Нидерланды осы Конвенцияның 10-бабының 2-тармағына, 11-бабының 2-тармағына, 12-бабының 2 және 5-тармақтарына, 13-бабының 2 және 6-тармақтарына, 16-бабына, 17-бабына, 18-бабының 2-тармағына және 23-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес 1-тармақта ескертілген базаға осы баптар қосылатындай дәрежеде Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыс көздері бойынша Нидерланды салығынан немесе капиталынан шегерім жасайды. Мұндай шегерім сомасы табыстың немесе капиталдың осы көздері бойынша

Қазақстанда төленген салық сомасына тең болады, бірақ ол, егер табыстың немесе капиталдың осындай ретпен қосылған көздері қосарланған салық салуды жою туралы Нидерланды заңының ережелеріне сәйкес Нидерланды салығынан босатылатын табыстың немесе капиталдың бірден-бір көздері болғанда берілуі мүмкін жеңілдік сомасынан аспауға тиіс.

6-ТАРАУ

Арнаулы ережелер

25-бап

Оффшорлық қызмет

1. Осы баптың ережелері осы Конвенцияның кез-келген басқа ережелеріне қарамастан қолданылады. Алайда, егер тұлғаның оффшорлық қызметі осы тұлға үшін 5-баптың ережелеріне сәйкес тұрақты мекеме немесе 14-баптың ережелеріне сәйкес тұрақты база болған жағдайда осы бап қолданылмайды.

2. Бұл бапта "оффшорлық қызмет" термині Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан теңіз түбі мен оның қойнауын және олардың табиғи ресурстарын барлаумен немесе пайдаланумен байланысты жағдайлардан бірқыдыру қашықтықта жүзеге асырылатын қызметті білдіреді.

3. Басқа Уағдаласушы Мемлекетте оффшорлық қызметпен айналысатын Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны, егер тек мұндай оффшорлық қызмет басқа Мемлекетте кез-келген 12 айлық кезеңде жалпы ұзақтығы 30 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы жүзеге асырылмаса, осы баптың 4-тармағын ескере отырып, осы қызметке қатысты сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысқан болып есептеледі.

Осы тармақтың мақсаттары үшін:

а) егер басқа Уағдаласушы Мемлекетте оффшорлық қызметпен айналысатын кәсіпорын басқа кәсіпорынмен байланыста болса және осы басқа кәсіпорын нақ сол жобаның бір бөлігі ретінде бірінші аталған кәсіпорын айналысатын немесе айналысқан нақ сол оффшорлық қызметті жалғастырса және сондай-ақ кәсіпорындардың екеуі де айналысатын жоғарыда аталған қызмет - бәрін қосқанда - 30 күн болатын кезеңнен артып кетсе, онда әрбір кәсіпорын өз қызметін 12 айлық кезеңде 30 күннен аспайтын кезеңде жүзеге асырған болып есептеледі;

б) егер бір кәсіпорын басқа бір кәсіпорын капиталының, тым болмағанда үштен бірін тікелей яки жанама түрде иеленіп отырса немесе егер тұлға кәсіпорындардың екеуінің де капиталының тым болмағанда үштен бірін тікелей яки жанама түрде иеленіп отырса, ол басқа бір кәсіпорынмен байланысты кәсіпорын ретінде қарастырылады.

4. Алайда осы баптың 3-тармағының мақсаты үшін "оффшорлық қызмет" термині:

а) 5-баптың 4-тармағында ескертілген қызметтердің бірін немесе олардың кез-келген қосындысын;

б) негізінен осы мақсат үшін жасалған кемелермен сүйретуді немесе зәкірлік басқаруды және осы кемелермен орындалатын кез-келген басқа операцияларды;

в) халықаралық тасымалда теңіз немесе әуе кемелерімен қорлар немесе адамдар тасымалдауды қамтымайды.

5. Басқа Уағдаласушы Мемлекетте кәсіби қызметтерден немесе тәуелсіз сипаттағы басқа қызметтен тұратын оффшорлық қызметпен айналысатын Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті, егер бұл оффшорлық қызмет 30 күн бойы немесе одан артық кезеңге созылса, осы қызметті басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты базадан жүзеге асырған болып есептеледі.

6. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын оффшорлық қызметпен байланысты жұмысқа қатысты алатын жалақының, ырзықақы мен басқа да осындай сыйақылардың осы оффшорлық қызметтің осы басқа Мемлекетте орындалған бөлігіне осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

7. Егер осы баптың тиісінше 3-тармағы мен 5-тармағына, сондай-ақ осы баптың 6-тармағына байланысты 7-бапқа және 14-бапқа сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыс көздеріне Қазақстанда салық төленгені туралы құжатты айғақтама ұсынылса, Нидерланды 24-баптың 2-тармағында көзделген ережелерге сәйкес есептелетін өз салығынан жеңілдік береді.

26-бап

Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары нақ осындай жағдайларда осы басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге басқа Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамайтын болады. Бұл ереже сондай-ақ 1-баптың ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие тұрақты мекемеге салық салу осындай қызметпен айналысатын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы басқа Мемлекетте қолайсыздау болмауға тиіс. Бұл ереже Уағдаласушы Мемлекетті азаматтық мәртебесіне немесе отбасы жағдайына байланысты оның өз резиденттеріне берілетін қандай да болсын жеке салық жеңілдіктерін, шегерулер мен кемітулерді басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне беруге міндеттейтіндей болып пайымдалмайды.

3. 9-баптың 1-тармағының, 11-баптың 7-тармағының, 12-баптың 8-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсатында олар бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс. Осы секілді Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кез-келген борышы осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсатында бірінші аталған Мемлекеттің резидентінің қарызы қалай шегерілсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталады.

4. Капиталы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара қарайтын немесе олар тікелей не жанама түрде бақылайтын Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің басқа осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты болатын кез-келген салық салуға немесе соған байланысты кез-келген міндеттемелерге бірінші аталған Мемлекетте ұшырамауға тиіс.

5. 2-баптың ережелеріне қарамастан осы баптың ережелері кез-келген тұрпат пен түрдегі салықтарға қолданылады.

27-бап

Өзара келісім алу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар етеді деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің, немесе оның жағдайы 26-баптың 1-тармағына жатса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органдарының қарауына бере алады. Өтініш Конвенцияның ережелеріне сәйкес емес салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар тиген күннен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзырлы орган, егер ол талапты орынды деп есептесе және өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органдарымен келісе отырып шешуге ұмтылады. Қол жеткен кез-келген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарында бар қандай да бір уақыт шектеулеріне қарамастан орындалуға тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез-келген қиындықтарды немесе күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Олар сондай-ақ Конвенцияда ескерілмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою үшін бір-бірімен ақылдаса алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары осының алдындағы тармақтарды ұғысуда келісімге қол жеткізу мақсаттары үшін бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады.

5. Егер осы Конвенцияны пайымдауға немесе қолдануға байланысты туындайтын кез-келген қиындықтарды немесе күдіктерді құзырлы органдар осы баптың мұның алдындағы тармақтарына сәйкес екі жылдық кезең ішінде шеше алмаса, салық төлеуші(лер) келісім берген жағдайда, егер салық төлеуші(лер) төрелік соттың шешіміне бой ұсынуға жазбаша келісім берсе, мәселе төрелік сотқа берілуі мүмкін. Төрелік соттың әрбір нақты жағдай бойынша осы жағдайға қатысты қабылдаған шешімін екі Мемлекет те орындауға міндетті. Рәсімдік мәселелердің барлығы дипломатиялық арналар арқылы талқыланады. Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін үш жылдан соң құзырлы органдар дипломатиялық ноталар алмасу қажеттігін ақылдасады. Осы тармақтың ережелері мемлекеттер дипломатиялық ноталар алмасу арқылы келісімге келген соң күшіне енеді.

28-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары осы Конвенцияның ережелерін немесе салық салу Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпарат алмасып тұрады. Ақпарат алмасу 1-баппен шектеліп қалмайды. Уағдаласушы Мемлекет алатын кез-келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңдарының шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және Конвенция қолданылатын салықтарға баға берумен немесе оларды жинаумен, күштеп өндіріп алумен немесе сотпен қудалаумен немесе осы салықтарға байланысты шағымдарды қараумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға ғана (соның ішінде соттар мен әкімшілік органдарға) хабарланады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осындай мақсаттар үшін ғана пайдаланылады. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде хабарлай алады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттер төрелік рәсімін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты 27-баптың 5-тармағының ережелеріне сәйкес құрылған төрелік сотқа хабарлай алады. Ақпаратты бұлай хабарлау 30-баптың ережелеріне сәйкес болуы тиіс. Төрелік соттың мүшелері осылайша хабарланған ақпаратқа қатысты осы баптың 1-тармағында сипатталған жария ету туралы рұқсатты басшылыққа алуға тиіс.

29-бап

Салық жинауда көмек көрсету

1. Мемлекеттер өздерінің қолданылып жүрген заңдарына немесе әкімшілік практикасына сәйкес осы Конвенция қолданылатын салықтар және аталған салықтарға байланысты салық салаларының кез-келген өсімдері, қосымша алымдар, мерзімі өткен төлемдер, проценттер мен шығындар бойынша салық жинауға байланысты бір-біріне көмек пен қолдау көрсетіп отыруға келіседі.

2. Мәлімдеуші-Мемлекеттің өтініші бойынша өтінішті орындаушы Мемлекет заңға және өзінің жеке салық міндеттемелерін жинауға байланысты әкімшілік практикасына сәйкес бірінші аталған мемлекеттің салық міндеттемелерін өндіріп алады. Алайда мұндай міндеттемелердің осы міндеттемелерді орындаушы Мемлекетте қандай да болсын басыңқы маңызы болмайды және қарызгердің оның қарызы үшін қамауға алу жолымен өндіріліп алына алмайды. Өтінішті орындаушы Мемлекет мәлімдеуші-Мемлекеттің заңдарында көзделмеген қандай да болсын орындалуға тиісті шараларды қолдануға міндетті емес.

3. 2-тармақтың ережелері тапсырыс беруші Мемлекетте оларды күштеп өндіріп алуға мүмкіндік беретін құжаттың негіздемесі болып табылатын салық міндеттемелеріне ғана қолданылады және егер құзырлы органдар арасында өзге ескертпе жасалмаса, оларға қарсы дау айтылмайды.

Алайда талап мәлімдеуші-Мемлекеттің резиденті емес тұлғаның салық міндеттемесіне қатысты болса, 2-тармақ, егер құзырлы органдар өзге ескертпе жасалмаса, талапқа ендігі жерде дау айтылмайтын жағдайда ғана қолданылады.

4. Қайтыс болған адамға немесе оның заттарына қатысты салық талаптарын өндіріп алу жөнінде көмек көрсету міндеттемесі әрбір нақты зат алушы сатып алған заттың немесе мүліктің құнымен шектеледі, осыған сәйкес заттан немесе оны алушыдан міндеттеме өндіріліп алынады.

5. Егер:

а) мәлімдеуші-Мемлекет, мөлшерден артық қиындықтың пайда болуына әкеліп соқтыруы мүмкін құралдарды қоспағанда, өзінің аумағында қолы жетерлік барлық құралдарды пайдаланбаған болса;

б) ол салық талабы осы Конвенцияның немесе осы екі Мемлекеттің арасында жасалған кез-келген басқа Конвенцияның ережелеріне қайшы келеді деп есептесе, өтінішті орындаушы Мемлекет өтінішпен келісуге міндетті емес.

6. Салық талабын орындатқызу жөнінде әкімшілік көмек көрсету туралы өтінішке мыналар қоса тіркеледі:

а) салық талабы Конвенция қолданылатын салыққа қатысты екені және 3-тармақтың шарттары сақталғаны туралы декларация;

б) мәлімдеуші-Мемлекетте салықты күштеп өндіріп алуға мүмкіндік беретін құжаттың ресми көшірмесі;

в) салықты өндіріп алу үшін қажет кез-келген басқа құжат;

г) қажет болған жағдайда салықты өндіріп алу туралы әкімшілік орган немесе мемлекеттік сот қабылдаған кез-келген шешімді растайтын куәландырылған көшірме.

7. Мәлімдеуші-Мемлекет өндіріп алынатын салық талабы сомасын мәлімдеуші-Мемлекеттің валютасымен де, осы өтінішті орындаушы Мемлекеттің валютасымен де көрсетеді. Мәлімдеуші-Мемлекеттің неғұрлым көрнекті айырбас нарығында немесе нарықтарында белгіленген валюта сатудың соңғы бағамы осының алдындағы сөйлемнің мақсатында қолданылуға тиіс айырбас бағамы болып табылады. Өтінішті орындаушы Мемлекет өндіріп алған әрбір салық сомасы өтінішті орындаушы Мемлекеттің валютасымен мәлімдеуші-Мемлекетке аударылады. Ақша аудару өндіріп алынған уақыттан бастап бір ай ішінде жүргізіледі.

8. Мәлімдеуші-Мемлекеттің өтініші бойынша өтінішті орындаушы Мемлекет, тіпті талапқа дау айтылған немесе ол күштеп өндіріп алуға мүмкіндік беретін құжат үшін әзірше негіздеме болып табылмаған күннің өзінде, мұның өзі өтінішті орындаушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикасына сәйкес келетіндіктен салық сомасы өндіріп алу мақсатында "жылы жауып қою" шараларын қолданады.

9. Мәлімдеуші-Мемлекетте күштеп өндіріп алуға мүмкіндік беретін құжат, егер ол орынды болса және өтінішті орындаушы Мемлекеттің қолданылып жүрген ережелеріне сәйкес келсе, өтінішті орындаушы Мемлекетте күштеп өндіріп алуға мүмкіндік беретін құжатпен көмек көрсету туралы өтініш алынғаннан кейін ол мүмкін болғанынша тез қабылдап алынады, танылады, толықтырылады немесе алмастырылады.

10. Одан тыс жағдайда салық міндеттемесін өндіріп алуға болмайтын кез-келген қатысты мәселелер мәлімдеуші-Мемлекеттің заңына сәйкес шешіледі. Салықты өндіріп алу жөнінде көмек көрсету туралы өтінішке осы кезеңге қатысты мән-жайлар баяндалады.

11. Өтінішті орындаушы Мемлекеттің салықты өндіріп алуға байланысты осындай көмек көрсету туралы өтінішті орындау жөнінде жасаған іс-әрекеттері осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес 10-тармақта ескертілген кезеңді тоқтата тұру немесе тоқтатып тастау нәтижесін берсе, мәлімдеуші-Мемлекеттің заңдары бойынша да нақ осындай нәтиже беруі тиіс.

12. Өтінішті орындаушы Мемлекет, егер оның заңдарында немесе әкімшілік практикасында мұндай жағдайларда төлем мерзімін кейінге қалдыру немесе бөлшектеп төлеу көзделген болса, бұған мүмкіндік жасай алады; бірақ ол бұл жайында алдымен мәлімдеуші-Мемлекетке хабарлауы тиіс.

13. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары өзара келісім бойынша көмек көрсету туралы өтініште көрсетілетін салық міндеттемелерінің ең аз сомасына қатысты ережелерді көздейді.

14. Мемлекеттер осы Конвенцияны қолданған кезде олар бір-біріне көрсететін тиісті көмек пен қолдауға кеткен шығындарды өтеуден өзара бас тартады. Мәлімдеуші-Мемлекет кез-келген жағдайда мәлімдеуші-Мемлекетте күштеп өндіріп алуға мүмкіндік беретін тиісті салық талабының нақтылығына немесе құжаттың заңдылығына қатысты орынсыз болып шыққан өндіріп алу жөніндегі іс-әрекеттердің қаржы зардаптары үшін өтінішті орындаушы Мемлекеттің алдында жауапты болып қала береді.

30-бап

28 және 29-баптардың қолданылу күшін шектеу

28 және 29-баптардың ережелері ешбір жағдайда Уағдаласушы Мемлекеттердің біріне:

а) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын жүзеге асыру;

б) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына немесе үйреншікті әкімшілік практикасына сәйкес берілмейтін ақпаратты беру;

в) кез-келген сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны не сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе тартылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық практикаға) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада

пайымдалмайтын болады.

31-бап

Дипломатиялық агенттер және консул қызметкерлері

Осы Конвенцияда ешнәрсе де дипломатиялық агенттердің немесе консул қызметшілерінің халықаралық құқықтық жалпы нормалары берген немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салық артықшылықтарын қозғамайды.

VII-ТАРАУ

Қорытынды ережелер

32-бап

Күшіне енуі

Осы Конвенция тиісті Үкіметтер өздерінің тиісті Мемлекетінде ресми конституциялық талаптар аяқталғаны жайында бір-біріне жазбаша хабарланған соңғы күннен кейін отызыншы күні күшіне енеді және Конвенция күшіне енген жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан немесе содан кейін басталатын салық салынатын жылдар мен кезеңдер үшін қолданылады, бірақ 1995 жылдың 1 қаңтарынан ерте қолданылмайды.

33-бап

Қолданылу күшін тоқтату

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның күшін тоқтатпайынша күшінде қала береді. Әрбір Мемлекет Конвенция күшіне енгеннен кейін 5 жыл өткен соң кез-келген күнтізбелік жылдың аяқталуынан кемінде алты ай бұрын қолданылу күшін тоқтату туралы хабар жолдап, дипломатиялық арналар бойынша оның қолданылу күшін тоқтата алады. Бұл жағдайда Конвенция қолданылу күшін тоқтату туралы хабар берілген күнтізбелік жылдың аяғынан бастап салық салынатын жылдар мен кезеңдер үшін қолданылу күшін тоқтатады.

Осыны куәландыру ретінде тиісті дәрежеде өкілеттік берілген

төменде қол қоюшы өкілдер осы Конвенцияға қол қойды.

Алматы қаласында 1996 жылғы сәуір айының 24 күні 2 дана етіп қазақ, голланд, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, бұл орайда барлық төрт мәтіннің де күші бірдей. Қазақ, голланд және орыс мәтіндері арасында дәйектеуде қандай да болсын алшақтықтар байқалған жағдайда ағылшын мәтіні айқындаушы болады.

Қазақстан Республикасының Нидерланды Корольдігінің

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Хаттама

Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Корольдігі арасында осы күні жасалған Конвенцияға қол қою кезінде төменде қол қоюшылар мына ережелер Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайды деп уағдаласты.

I. 4-бапқа байланысты

Егер Уағдаласушы Мемлекеттердің кеме бортында тұратын қандай да болсын белгілі бір тұрғылықты мекен-жайы жоқ жеке тұлғаның резиденциясы орналасқан Мемлекетті Конвенцияның 4-бабы негізінде айқындау мүмкін болмаса, ол кемеңің тіркеу айлағы бар Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі.

II. 5-бапқа байланысты

4-тармақтың f және g тармақшаларының мақсаттары үшін займдарға, тауарлар немесе бұйымдар жеткізуге немесе техникалық қызметтерге қатысты контрактілер

жасауға (соның ішінде қол қоюдың өзіне) жәрдемдесу әзірлік немесе қосалқы сипаттағы қызмет болып есептеледі деп түсініледі.

III. 5, 6, 7, 13 және 26-баптарға байланысты

1. Табиғи ресурстарды барлау және пайдалану құқықтары Уағдаласушы Мемлекеттің теңіз түбімен және жер қойнауларымен байланысты болса, олар сонда орналасқан жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылады және бұл құқықтар осы Мемлекеттегі тұрақты мекеменің мүлкіне тиесілі болып есептеледі деп түсініледі. Мұның сыртында жоғарыда аталған құқықтар осындай барлау немесе пайдалану арқылы өндірілген материалдық құндылықтардан проценттен немесе пайда алу құқықтарын қамтиды деп түсініледі.

2. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және осының алдындағы тармаққа сәйкес тұрақты мекеменің мүлкіне тиесілі болып есептелетін кез-келген осындай құқықтарды иеленуі осы басқа Мемлекетте Конвенцияның барлық орынды ережелерін қолдану мақсаттары үшін тұрақты мекеме құруға әкеліп соғады.

IV. 7-бапқа байланысты

1. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны ішінара басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекеме арқылы, ішінара осы басқа Мемлекеттен тыс жерлерде орындайтын контракт жағдайында Уағдаласушы Мемлекеттің контрактіні орындауға байланысты алынған табыстың барлығына салық салуға құқығы жоқ, қайта 7-баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес табыс пен шегерімдерді кәсіпорынның бас офисі мен тұрақты мекемесі тәуелсіз экономикалық бірліктер ретінде әрекет еткенде қалай қарастырса, солай қарастыруы тиіс деп түсініледі.

Бұдан әрі табыстың нағыз сомасын айқындау үшін бір жағынан тұрақты мекеменің ролі мен қызметі, екінші жағынан тұрақты мекеменің тұрақты мекеме орналасқан елден тыс жерлердегі ролі мен қызмет ескерілуі тиіс деп түсініледі. Осы басқа қызметтен алынған, тиісті түрде бөлінген табысқа тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте салық салынбайды.

Бұдан әрі жоғарыда айтылғандардың әзірлік жұмыстарын жүргізу, өнеркәсіптік, сауда және ғылыми құрал-жабдықтарды, үй-жайларды немесе қоғамдық жұмыстарды жеткізу, монтаждау және орнату жөніндегі контрактілерге қатысы бар деп есептеледі.

2. 7-баптың 1-тармағына қатысты, сатылып жатқандармен бірдей немесе соларға ұқсас тауарлар мен бұйымдарды сатудан, болмаса тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметпен бірдей немесе соған ұқсас басқа кәсіпкерлік қызметтен алынған пайда, пайда алуға байланысты осы операциялар тұрақты мекеме орналасқан

Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан жалтару үшін жүргізілгені расталған жағдайда, осындай тұрақты мекемеге жатқызылуы мүмкін.

V. 7, 12 және 14-баптарға байланысты

Егер,

(I) контрактінің бірден-бір маңызды компоненті жобаларды, жоспарларды, процестерді, ғылыми немесе сауда тәжірибелерін, не 12-баптың 4-тармағында сипатталған басқа құқықтарды беру немесе ұсыну емес, техникалық қызметтерді, соның ішінде ғылыми, геологиялық немесе техникалық сипаттағы зерттеулерді яки шолуларды орындау, немесе консультациялық қызметтер не бақылау жөніндегі қызметтер көрсету болып табылса, және

(II) контракт бойынша төлем баптарының бірде-бірі қызметтер көрсетуден табыс алушының табысымен немесе табыстарымен (не өзге ұқсас фактормен) сәйкес келмесе, және

(III) контрактінің 12-баптың 4-тармағында сипатталған құқықтарды басқа біреуге беру есебіне жатқызуға болатын кез-келген бөлігінің құны контрактінің жалпы құнының 10 процентінен, не 50000 АҚШ долларынан аспаса.

ондайда осындай қызметтердің төлеміне қабылдап алынған төлемдер 7-бап немесе 14-бап қолданылатын төлемдер болып есептеледі. Контракт "аралас" сипатта болатын басқа жағдайларда контракт бойынша төленген сома мұндай төлемдердің бір бөлігі көрсетілген қызметтердің төлемі болып есептелуге тиісті, ал екінші бөлігі 12-бап бойынша салық салынатын роялти болып есептелетін факт бейнеленетіндей болып бөлінуі мүмкін.

VI. 7, 14 және 26-баптарға байланысты

Қазақстан жағдайында Конвенция күшіне енген күннен бастап 1995 жылдың 30 маусымына дейін қолданылатын қолданылып жүрген заңдар бойынша пайда мен табысқа салынатын салықтарды есептеу кезінде Нидерланды резиденттерінің 30 проценттен көбісінің қатысуымен Қазақстанның резиденті болып табылатын кәсіпорынға немесе Нидерланды кәсіпорнының тұрақты мекемесіне (7-баптың ережелерін ескере отырып) олар банкіге төленді ме, жоқ па - соған қарамастан және борыш шарттарына байланыссыз нақты төленген жалақы мен проценттік шығындар бойынша шегерім жасауға рұқсат етіледі деп түсініледі. Егер қазақстандық салық заңдары бойынша шектеулер "созылған қол" ережесі бойынша айқындалған ставкадан, соның ішінде проценттер жағдайында, ақылға сиымды тәуекел бағасынан кем болмаса, шегерімдер бұл шектеулерден асып түсе алмайды.

VII. 10-бапқа байланысты

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидент-компаниясы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің дивидендтер төлейтін компания капиталының кемінде 50 процентін тікелей немесе жанамалы түрде иеленіп отырған резидент-компаниясына төлейтін дивидендтер, дивидендтер алушы компания дивидендтер төлейтін компанияға бір миллион АҚШ долларынан кем емес мөлшерде инвестиция жасаған жағдайда және бұл инвестицияға басқа Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі, не осы Мемлекеттің орталық банкі, не осы Үкіметінің иелігінде немесе бақылауында болып отырған, сондай-ақ бірінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі мақұлдаған кез-келген орган немесе ұйым (соның ішінде қаржы мекемелері) толық кепілдік бергенде немесе сақтандырғанда, бірінші Уағдаласушы Мемлекетте салықтан босатылады деп түсініледі. Егер жоғарыда аталған инвестиция бір миллион АҚШ долларынан асып түссе, бірақ инвестицияның барлық бірдей сомасына толық кепілдік берілмеген немесе сақтандырылмаған болса, онда бұл ереже тек дивидендтердің бір бөлігіне ғана қатысты, инвестицияның кепілдік берілген немесе сақтандырылған бөлігінің инвестицияның жалпы сомасындағы үлесіне қарай қолданылады.

2. Егер тұрақты мекемеге инвестицияланатын сома 500 000 АҚШ долларынан асып түссе және мұндай инвестицияны кәсіпорын резиденті болып табылатын Мемлекеттің Үкіметі, не осы Мемлекеттің орталық банкі, не осы Мемлекет Үкіметінің иелігінде немесе бақылауында болып отырған, сондай-ақ басқа Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі мақұлданған кез-келген орган немесе ұйым (соның ішінде қаржы органдары мен ұйымдары) толық сақтандырған немесе кепілдік берген болса, 8-тармақта көзделген қосымша салық өндіріп алынбайды деп түсініледі. Егер жоғарыда аталған инвестиция 500 000 АҚШ долларынан асып түссе, бірақ инвестицияның барлық бірдей сомасына толық кепілдік берілмеген немесе сақтандырылмаған болса, онда бұл ереже тек қосымша салық базасының инвестицияның кепілдік берілген немесе сақтандырылған бөлігінің инвестицияның жалпы сомасына сәйкестігі бөлігіне ғана қолданылады.

3. Қазақстан мен Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымының толық мүшесі арасындағы осы Конвенцияның 10-бабының 8-тармағында ескертілген қосымша салық салуды көздемейтін қосарланған салық салуды болдырмау туралы Конвенция күшінде болған уақыттың барлығында онда ескертілген қосымша салық Нидерландының резиденттері болып табылатын кәсіпорындардан өндіріп алынбайды.

VIII. 10 және 11-баптарға байланысты

Нидерланды жағдайында дивидендтер термині пайдаларға қатысу облигацияларынан алынған табысты қамтиды деп түсініледі.

IX. 10, 11 және 12-баптарға байланысты

Егер табыс көзінен 10, 11 және 12-баптардың ережелеріне сәйкес өндіріп алынатын салық сомасынан асып түсетін сомада салық ұсталған болса, онда басы артық салық сомасын кері қайтару туралы талап осы салықты ұстап қалған Мемлекеттің құзырлы органына салық ұсталған күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін үш жылдың ішінде қойылады.

X. 11-бапқа байланысты

"Процент" термині сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекет банкінің тұрақты мекемесіне осы банк есептеген процентті қамтиды деп түсініледі.

XI. 11 және 12-баптарға байланысты

1. Егер 1995 жылдың 28 сәуірінен кейін Қазақстан Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымының толық мүшесі болып табылатын Мемлекетпен проценттер немесе роялти бойынша қолданылып жүрген неғұрлым төмен ставканы (соның ішінде нольдік ставканы) көздейтін қосарланған салық салуды болдырмау туралы Конвенцияға қол қойса, онда мұндай неғұрлым төмен ставка Нидерландының резиденттеріне өзінен-өзі қолданылатын болады.

2. Егер сол бойынша проценттер төленетін борыш талабы немесе, егер тиісінше солар бойынша роялти төленетін құқық не меншік осы баптың ережелерін пайдаланып қалу жөніндегі басты мақсатпен жасалса немесе тиісінше берілген болса, 11 және 12-баптардың ережелері қолданылмайды деп түсініледі. Егер Уағдаласушы Мемлекет мұндай ережені күшіне енгізбек болып отырған жағдайда оның құзырлы органы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органымен алдын ала ақылдасып алуы тиіс.

XII. 12-бапқа байланысты

Егер 12-баптың 4-тармағының б) тармақшасына сәйкес жалдауға қатысты төленетін роялтидің нақты иесі 12-баптың 5-тармағында көзделгендей таңдау жасаса, онда төленуі роялти алынған құқыққа немесе меншікке қатысты болатын және таза пайданы айқындаған кезде шегеріліп тасталатын, кез-келген проценттер, 12-баптың 5-тармағында көрсетілгеніндей, жалдау төлемі пайда болған Уағдаласушы Мемлекетте табыс көзі бар болып есептеледі деп түсініледі. Кез-келген осындай проценттік төлемдер, егер ол басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленсе, осы Конвенцияның 11-бабының ережелеріне жатады. 12-баптың 5-тармағына сәйкес

жасалған таңдау жалдау төлемінің көзі болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органына хабарланады.

XIII. 18-бапқа байланысты

Қазақстан өзінің ұлттық заңдары бойынша 18-баптың 1-тармағында көзделген салық салу құқығын жүзеге асыра алмайтын кезеңде Қазақстанның резиденті Нидерландыда бұдан бұрын атқарылған жұмыс үшін алатын зейнетақыларға қатысты осы тармақтың ережелерінің күші болмайды. Мұндай зейнетақыларға бұдан былай қарай Нидерландының ұлттық заңдары қолданылады. Қазақстанның құзырлы органы Қазақстан өзінің заңдары бойынша 1-тармақта көзделген салық салу құқығын жүзеге асыра алатыны туралы Нидерландының құзырлы органын хабардар еткен бойда хаттаманың осы ережесі қолданылу күшін тоқтатады.

XIV. 19-бапқа байланысты

Нидерланды жағдайында "Уағдаласушы Мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің ережелеріне сәйкес төленген кез-келген зейнетақы мен басқа да төлемдер" термині әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі нидерландық заңдарда көзделген, мысалы, қартаюға, қайтыс болуға, ауруға шалдығуға, мүгедектікке, жұмыссыздыққа байланысты барлық төлемдер мен басқа да жеңілдіктерді, балаларға, жесірлер мен жетімдерге арналған жәрдемақыларды қамтиды деп түсініледі.

XV. 23-бапқа байланысты

23-баптың мақсаттары үшін "капитал" термині жылжымалы және жылжымайтын мүлікті білдіреді және қолдағы ақшаны, акцияларды немесе басқа да меншік құқықтары куәліктерін, вексельдерді, облигацияларды немесе басқа да борыш куәліктерін және патенттерді, сауда маркаларын, авторлық құқықтарды немесе басқа да осындай құқықты яки мүлікті қамтиды (бірақ тек солармен шектеліп қалмайды) деп түсініледі.

XVI. 24-бапқа байланысты

24-баптың 3-тармағында көзделген кемітулерді есептеген кезде 23-баптың 1-тармағында аталған капитал түрлерінің құны осы капиталға алынған кепілдік

сомасының мөлшеріне кемітіледі, ал 23-баптың 2-тармағында аталған капитал түрлеріне қатысты құн тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға тиесілі борыштардың мөлшеріне кемітіледі деп түсініледі.

XVII. 25-бапқа байланысты

25-бап ережелерінің Каспий теңізі халықаралық құқық бойынша

"теңіз" мәртебесін алғанда ғана күші болады деп түсініледі.

Осыны куәландыру ретінде төменде қол қоюшы өкілдер осы хаттамаға қол қойды.

Алматы қаласында 1996 жылғы сәуір айының 24 күні қазақ, голланд, орыс және ағылшын тілдерінде екі дана етіп жасалды, бұл орайда барлық төрт мәтіннің де күші бірдей. Қазақ, голланда немесе орыс мәтіндерін дәйектеуде алшақтықтар бола қалған жағдайда ағылшын мәтіні негізге алынады.

Қазақстан Республикасының Нидерланды Корольдігінің
Үкіметі үшін Үкіметі үшін